

ПАРТИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ«ТАЗА
БЕЙСЕНБІ»
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АКЦИЯСЫ ӨТТІЖАРАТҚАННЫҢ БЕРГЕН СЫЙЫ –
АҚЫНДЫҚ

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

11 МӘДЕНИЕТ НЫСАНЫ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жамбыл облысында 2025 жылы 11 мәдениет нысаны халық игілігіне берілді. Биыл тағы 5 мәдениет үйін пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл туралы облыс әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбай өткен жылдың қорытындылары бойынша өткен алқа мәжілісінде баяндады.

Бүгінде облыста халыққа мәдени қызмет көрсететін 506 мекемеде 3648 қызметкер еңбек етуде. 2025 жылы 11 мәдениет нысаны пайдалануға берілді. 207 млн теңгеге 16 мәдениет нысаны ағымдағы жөндеуден өтті. Биыл Жамбыл ауданында – 2, Талас ауданында – 2, Т.Рысқұлов ауданында 1 мәдениет үйінің құрылысы жоспарлануда.

Өңірде 202 мәдениет үйі мен клуб мәдени-көпшілік қызмет көрсетіп келеді. 819 клуб құрылымына 10918 адам тартылған, оның ішінде балаларға арналған 620 үйірмеге 8526 бала қатысады.

Аймақ халқының мәдени-рухани сұранысын қанағаттандырып отырған 275 мемлекеттік кітапхана жұмыс істейді. Жергілікті ақын-жазушылардың кітаптарының электронды нұсқаларына еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Әулиеата кітапханасы» («Aulieata library») мобильді қосымшасы іске қосылды. Аталған қосымша «Google Play» және «App Store» платформаларында орналастырылып, 115 автордың 276 кітабын оқуға мүмкіндік береді.

Облыс театрлары 11 жаңа қойылыммен толықты. Театр ұжымдары 400 қойылым ұсынып, оларды 69995 көрермен тамашалады. Асқар Токпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрына «Академиялық» мәртебе берілді.

К. Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары 316 концерт ұйымдастырып, 79571 көрерменді қамтыды.

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

БАСТЫ МАҚСАТ –
ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Максат ЖҰМАБАЕВ



Осы бағытта ауданда атқарылып жатқан профилактикалық шаралар мен орын алған кемшіліктерді жою жолдары бейсенбі күні аудан прокуроры Марат Естаевтың төрағалығымен өткен мекемearалық жиналыста жан-жақты талқыланды.

Жиынға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, аудандық полиция бөлімінің бастығы Дәурен Сәпиев, ауылдық округ әкімдері, мектеп директорлары, учаскелік полиция инспекторлары, сондай-ақ тиісті сала өкілдері қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес алғашқы болып аудан прокуратурасының аға прокуроры Арманжан Әбдібеков баяндама жасап, құқық бұзушылық профилактикасының жай-күйіне тоқталды. Ол өз сөзінде кәмелетке толмағандармен байланысты интернет-алайықтық қылмыстарының алдыналу, қайта құқық бұзушылыққа жол бермеу мәселелері және 2025-2026 жылдарға арналған «Қауіпсіз Жамбыл» жобасының іске асырылу барысы жөнінде жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар анықталған олқылықтар мен оларды жоюға бағытталған нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Бұдан кейін аудандық



Бүгінгі таңда жастар мен жасөспірімдер арасында, сондай-ақ түрлі жас санатындағы азаматтар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу – қоғам алдындағы өзекті міндеттердің бірі. Әсіресе интернет-алайықтық, мал ұрлығы, кісіге дене жарақатын келтіру секілді қылмыстар, жол-көлік оқиғалары және кәмелетке толмағандар арасындағы бұзақылық деректері алаңдаушылық тудырып отыр.

полиция бөлімі бастығының орынбасары Замир Рустамұлы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар жөнінде баяндама жасап, атқарылған іс-шаралар мен алдағы жоспарларға тоқталды. Ал аудандық білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Қуаныш Бакытұлы мектептерде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу

мақсатында жүргізіліп жатқан тәрбие және түсіндіру жұмыстары туралы хабарлама жасады. Сондай-ақ аудандық пробация қызметінің бастығы Алмас Жолдасов пробациялық есепте тұрған азаматтармен атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, бұл бағыттағы өзекті мәселелерді атап өтті.

Жиынды қорытындылаған аудан прокуроры Марат Мұратханұлы «Қауіпсіз Жамбыл» жобасы аясын-

дағы жұмыстарды жандандырудың маңыздылығына ерекше тоқталып, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, суицидтің алдын алу, сондай-ақ пробация есебінде тұрған азаматтармен жұмысты жүйелі түрде жүргізу қажеттігін, профилактикалық жұмыстың нәтижелілігін арттыру басты міндет болу керектігін ескертті.

ҮНҚОСУ



Құрылтай – қазақ халқының тарихи жадында ел тағдыры таразыға түскен сәттерде ортақ ақылмен шешім қабылдайтын ұлы кеңес ретінде сақталған тағылымды дәстүр. Осы тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы ретінде Мемлекет басшысының төрағалығымен 2022 жылдан бері Ұлттық құрылтай тұрақты түрде өткізіліп келді. Бүгінде бұл алаң халық асыға күтетін, ел дамуының өзекті бағыттары талқыланатын маңызды қоғамдық-саяси платформаға айналды.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒДАРЫ

V Ұлттық құрылтайдың отырысында көтерілген мәселелер қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Ұлттық бірлікті нығайту, әділетті және жауапты мемлекет қалыптастыру, басқару тиімділігін арттыру секілді басымдықтар айқындалды. Мемлекет басшысының білім, ғылым және жоғары технология саласына инвестицияны арттыру туралы пікірі – уақыт талабынан туындаған стратегиялық шешім. Адам капиталының сапасын арттырмайынша, елдің ұзақ мерзімді дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етілмейтіні анық. Осы тұрғыда цифрландыру және жасанды интеллект жылын

жариялау, сән қуалау емес, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты міндет деп түсінуіміз керек.

Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы да терең мазмұнға ие. Бұл – ұлттық сананы жаңғыртуға, қоғамда жауапкершілік пен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды идеологиялық бағдар. Тазалық – әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Қоршаған ортаға деген жауапкершілік көшеден емес, әр адамның өз ауласынан, өз үйінен басталуы қажет. Бұл қағиданы қоғам санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

→ 3

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс елу бірінші сессиясы 2026 жылдың 29 қаңтарында аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сағат 11.00-де төмендегідей күн тәртібімен өтеді.

1. «2026-2028 жылдарға арналған Жамбыл аудандық бюджет туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №49/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Әртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың «Аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы 2026 жылдың 29 қаңтарында сағат 10.00-де өтеді.

Аудандық мәслихат аппараты.

«Şugyla-Raduga»
газетіне жазылу жалғасуда
2-17-98, 87476594268

АУДАН ӨМІРІНІҢ
АЙНАСЫА
В
Т
О
Р
Т
У
Р
А
Л
Ы

69 жыл (1942-2011) ғұмырының 44 жылын «Шұғыла» газетіне арнаған, 1976 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Лесбек Әзбергеновтің есімі 1982 жылы аудандық партия комитетінің «Құрмет» кітабына жазылған. Мемлекет басшысының Алғыс хатымен, «Еңбек ардагері» медалімен, СССР Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, екі дүркін облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, облыстық кеңестің Құрмет грамотасымен, аудандық мәслихаттың №1 Құрмет грамотасымен марапатталған. «Бұралаңы көп соқпақтар» кітабының авторы.

1966 жылы осыдан 3 жыл бұрын жабылып қалған аудан қайтадан құрылғанда аудан орталығы Жамбыл (Тараз) қаласының Жамбыл даңғылы мен Коммунист (Төле би) көшелерінің қилысындағы қазіргі баспошта үйі тұрған жерде болған. Ауып-қатқандық, ауатқом да, ауыл шаруашылығы басқармасы да, аудандық ішкі істер бөлімі де, аудандық мәдениет, халық ағарту бөлімдері де осында орналасқан. Жамбыл даңғылы жак бетіндегі шағын үйге аудандық сот, аудандық қаржы бөлімі, аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы орналасты. Редакцияға берілгені төрт бөлме.

Жамбыл аудандық газеті 1963 жылға дейін «Ленин жолы» деген атпен шығып келген. Газеттің елуінші жылдарда редакторы болған белгілі журналист, марқұм Әкпарбек Доспанбетов газет тарихының әріден басталатынын, соғысқа дейін «Колхозшы» деген атпен шығып келгенін айтса, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист, соғыстан кейін газеттің редакторы болған Ысрайыл Керімбаев «Шұғыла-Радуга» газетінің тарихы сонау XX ғасырдың 20-жылдарынан басталатынын әңгімелеп отыратын.

1966 жылы аудан қайта құрылып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Ыбыраев, екінші хатшысы Косило, үшінші хатшысы Т.Өміралиев, аудандық совет атқару комитетінің төрағасы А.Сандыбаев, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы А.Дрожков орынтақтарына отырған соң аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы дүниеге келді. Оның редакторы болып 35 жастағы білікті журналист Сағат Арынов тағайындалды. Редактордың орынбасары қызметіне Владимир Дженко келсе, Мырзабек Кеңбейілов редактордың орынбасары әрі партия бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Лесбек Шолпанқұлов жауапты хатшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Сараев хат-хабар бөлімінің меңгерушісі, Нариман Шалбаев ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, Дәмелі Смақова мен Жандар Кәрібаев аудармашы жұмысын атқарды. Тілшілері болып Эмма Кисеева екеуміз, фототілші болып алғашында Аман Нұрпейісов, кейіннен Амангелді Ақсакалов істеді.

→ 3



АМАНАТ

Таяуда «Amanat» партиясы аудандық филиалында партия облыстық филиалы Партиялық бақылау комиссиясының ұйымдастыруымен «Партиялық бақылау комиссиясы жұмысын ұйымдастырудағы міндеттер» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Партия аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков, партия аудандық мәслихаттағы депутаттық фракциясының мүшелері қатысқан семинарда партия облыстық филиалы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Гулам Мұхтарұлы сөз сөйлеп, комиссия отырысында ішкі партиялық тәртіпті сақтау, Әлеп кодексінің талаптарын сақтау және партияның Сайлауалды бағдарламасының өңірімізде жүзеге асырылу бағыттары, олар бойынша қандай жұмыстар жасау қажеттігі туралы айтты.

Сонымен қатар «Amanat» партиясы аудандық филиалы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Рүстем Бегалиев өткен жылы атқарған жұмыстары жөнінде баяндама жасады.

Семинар соңында партия облыстық филиалы Партиялық бақылау комиссиясының хатшысы Ерғали Жұмағалиұлы аудандағы атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы жоспарлар бойынша нәтижелі жұмыстар атқаруға шақырды.

«Шұғыла»-акпарат.

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

ХАЛЫҚ АМАНАТЫН АРҚАЛАП...

Алаштың көрнекті қайраткері Міржақып Дулатовтың: «Жақсы адам болу үшін депутат болудың қажеті шамалы, ал депутат міндетті түрде жақсы адам болуы керек», – деп айтқанындай, депутат – қашанда бұқара мен биліктің арасындағы алтын көпір. Жалпы халық қалаулысы болуда әділдік, іскерлік, адамгершілік сынды қасиеттер бір арнада тоғысқаны жөн. Мен үшін депутаттық мандат – ең әуелі халықтың сенімі, жауапкершілік жүгі.

Аудандық мәслихат депутаттарының қызметі өңіріміздің экономикалық, қоғамдық және мәдени өмірінің барлық аспектілерін қамтиды. Депутаттар өздеріне бөлінген аумақтағы мәселелерді зерттеп, шешіп, тұрғындарды қабылдап, тұрақты комиссиялар отырыстарында депутаттық аралауларға, кездесулерге қатысып, акпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге атқарған жұмыстарын жариялап тұрады. Әсіресе, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасына әсер ететін бюджетті қабылдау бойынша сауалдары ерекше ұқыптылықпен және жауапкершілікпен талқыланады. Кез келген мәслихат депутаттың басты міндеті – сайлаушыларға берген уәдесін орындау, олардың сенім үдесінен шығып, тұрғындардың үмітін ақтау.



Ауданның дамуы жергілікті атқарушы билікпен қатар мәслихат депутаттарының қызметіне де байланысты. Олар көп арасында жүріп, қоғамның өзегінде қайнап жатқан өткір мәселелерді көтереді. Жергілікті жұртшылықпен кездесіп, көкейлеріндегі өзекті сауалдарына жауап беріп жүрген де, халықтың мұның мәслихат мінберінен айтып, шешілуіне мұрындық болып жүрген де – халық қалаулылары. Үлкен жауапкершілікті арқалап, қарапайым жұртшылықтың үніне құлақ асып, халық таңдап сайлаған сенімді өкіл ретінде аудан және округ бюджеттерінің кірістерін арттыру мен шығыс бөліктерінің тиімді жұмсалуына ықпал ету, қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу, жаңа ғимараттар салуға қаржы бөлу, түнгі жарық, ауызсу жүйесін жүргізу, халық пайдаланып отырған су жүйелерінің жұмысын жетілдіру,

ауданда жүргізілген табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарының барысы туралы, елді мекендердің ішкі жолдарын жөндеу секілді өзекті мәселелердің шешілуіне үн қосады, атсалысады.

Біз көтеретін мәселелердің бәрі атқарушы органдар арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан мәселелердің шешілуі бәрімізге де байланысты. Бүгінге дейін сайлаушылардың өтініш-пікірлері, ұсыныстары бойынша аудан әкімдігіне, тиісті бөлім басшыларына сауалдар жолданып, бірқатар түйткілді мәселе өз шешімін тапты. Бірнешеуі бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Өңір жұртшылығының тыныс-тіршілігі, мұң-мұқтажы қашанда мәслихат депутаттарының жіті назарында болады. Сайлаушылардың мүддесін қорғап, ел үмітін ақтау – басты парызымыз.

Депутаттың негізгі мақсаты – өзі сайланған аймақтағы жергілікті халықтың мұң-мұқтажын, талаптары мен сұраныстарын дер кезінде билік өкілдеріне жеткізіп, әрі қарай оның орындалуын қадағалау. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, халық қалаулысы сайлаушыларының талаптары мен сұраныстарын тұрақты назарда ұстайды. Яғни, депутат халық қызметшісі ретінде жұртшылықтың жүгін арқалайды. Бұл – сайлаушылардың құрметіне, олар сенім білдірген депутаттық мандатқа лайықты болу деген сөз.

Бақытжан НАМЕТУЛЛА,
аудандық мәслихаттың депутаты.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауы 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалуына байланысты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағы және Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының 3-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы келесі құрамы жөнінде хабарлайды:

Комиссия төрағасы – Алпысбаев Еламан Ғалымжанұлы.
Комиссия төрағасының орынбасары – Қалшымбетов Бауыржан Құттыбайұлы.
Комиссия хатшысы – Затыбеков Орынбасар Қасымбекұлы
Комиссия мүшелері – Ошақбай Қуат Қанатұлы, Байкеева Қарлығаш Оңғарбайқызы, Бекболатов Ардан Тәжібайұлы, Рысбеков Жандар Расылханұлы.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округінің шекарасы жөнінде хабарлайды:

1. Тоғызтарау ауылдық округі (№179 сайлау учаскесі)
Шекарасы: Тоғызтарау, Құмсуат, Жанаөткел ауылдары.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ТОҒЫЗТАРАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 21 қаңтар №3 Аса ауылы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1 бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімін сайлау бойынша Тоғызтарау ауылдық округінің шекарасында сайлау округі құрылсын.
2. Сайлау округі және оның шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетілген мәліметтер Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы Е. АЛПЫСБАЕВ
Комиссия хатшысы О. ЗАТЫБЕКОВ

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ТОҒЫЗТАРАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 21 қаңтар №4 Аса ауылы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1 бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылғы 1 наурызға Жамбыл ауданында Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.
2. 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы Е. АЛПЫСБАЕВ
Комиссия хатшысы О. ЗАТЫБЕКОВ

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

В связи с назначением на 1 марта 2026 года выборов акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района и в соответствии с пунктом 4) статьи 13 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и пункта 3 календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает следующий состав:

Председатель комиссии – Алпысбаев Еламан Ғалымжанұлы.
Заместитель председателя комиссии – Қалшымбетов Бауыржан Қуттыбаевич.
Секретарь комиссии – Затыбеков Орынбасар Қасымбекұлы.
Члены комиссии – Ошақбай Қуат Канатович, Байкеева Қарлығаш Оңғарбаевна, Бекболатов Ардан Тажибаевич, Рысбеков Жандар Расилханович.

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

В соответствии с календарным планом основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района, назначенных на 1 марта 2026 года, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает о границах избирательного округа по выборам акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района:

1. Тоғызтарауский сельский округ (избирательный участок №179)
Границы: села Тоғызтарау, Құмсуат, Жанаөткел.

ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА ПО ВЫБОРАМ АКИМА ТОҒЫЗТАРАУСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

21 января 2026 года №3 село Аса

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4) статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательный округ по выборам акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района в границах Тоғызтарауского сельского округа.
2. Опубликовать сведения об избирательном округе с указанием его границы и местонахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-странице Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

Председатель комиссии Е. АЛПЫСБАЕВ
Секретарь комиссии О. ЗАТЫБЕКОВ

О НАЗНАЧЕНИИ ВЫБОРОВ АКИМА ТОҒЫЗТАРАУСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

21 января 2026 года №4 село Аса

В соответствии с подпунктом 8-1) статьи 14, подпунктом 1) пункта 1 статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 1 марта 2026 года в Жамбылском районе выборы акима Тоғызтарауского сельского округа.
2. Утвердить календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Тоғызтарауского сельского округа Жамбылского района, назначенных на 1 марта 2026 года, согласно приложению №1 к настоящему постановлению.
3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-ресурсе Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

Председатель комиссии Е. АЛПЫСБАЕВ
Секретарь комиссии О. ЗАТЫБЕКОВ

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

Жуырда Ащыбұлақ ауылындағы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасында мектепке дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар бойынша ашық сабақ өтті. Ертеңгілік «Бәйшешек» ортаңғы тобымен ұйымдастырылып, оқу қызметі балалардың ой-өрісін кеңейтуге, қимыл-қозғалысын дамытуға бағытталды. Сабақ барысында бүлдіршіндер қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына қызығушылық танытты.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР БАЛАЛАРДЫ ҰЙЫМШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙДІ



Шараның басты мақсаты – балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру, олардың ұйымшылдыққа, ептілікке және шапшаңдыққа бейімделуіне ықпал ету. Сабақ барысында балалар «Арқан тарту», «Ақсерек пен көксерек», «Тақия тастамақ» сынды ұлттық ойындарға қатысты. Бүлдіршіндер уақытты тиімді өткізумен қатар, ережелерді сақтауды, тәртіпке бағынуды меңгерді. Олар ойын арқылы бір-біріне қолдау көрсетуді, топпен үйлесімді әрекет етуді және өзара қарым-қатынасты жинайтуды үйренді. Ұлттық ойындар балалардың тек дене дамуына ғана емес, сонымен қатар ойлау қабілетінің, тілінің дамуына және ұлттық рухының қалыптасуына оң әсерін тигізді. Көркем музыка мен көрнекі құралдар

сабақтың мазмұнын байытып, балалардың белсенді қатысуына ерекше серпін берді.

Мұндай сабақтар балаларға өз халқының мәдениетін танытып, салт-дәстүрді құрметтеуге үйретумен қатар, олардың дене белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бөбекжай мамандарының айтуынша, ұлттық ойындар балалардың мектепке дайындық деңгейін көтеруге, эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға тиімді құрал болып табылады. Осындай сабақтар балалардың ынтыасын оятып, оқуға қызығушылығын арттырып, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Ұлжан ҚЫРЫҚБАЕВА,
«Жауқазын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.

Соңы. Басы 1-бетте

11 МӘДЕНИЕТ НЫСАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Биыл ерте ортағасырлық «Бесағаш» (VI–XII ғғ., Атлах) қалашығының орнына 25 млн теңгеге және Қазақ хандығы ту тіккен аймаққа 20 млн теңгеге ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс музейлерінде 2563 экскурсия өткізіліп, түрлі тақырыптарда 497 көрме ұйымдастырылды. 120972 экспонатты 65917 келуші тамашалады. Сонымен қатар облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамында «Бауыржан Момышұлы» музейі ашылды.

Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығы жанынан «Асабалар алаңы» қоғамы құрылып, той мәдениетіне арналған

әдістемелік нұсқаулық дайындалды. Бала тәрбиесін бесіктен бастаудың бір үлгісі ретінде «Әжемнің ертегілеріне саяхат» жобасы табысты жүзеге асырылып, ерікті әжелерге арналған ертегілер жинағы жарық көрді. Орталық тарапынан жалпы саны 7 кітап шығарылды. 2025 жылы «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы ресми түрде іске қосылды.

Биыл облыста 3 халықаралық, 9 республикалық және 40-қа жуық облыстық деңгейдегі мәдени-көпшілік іс-шара өткізу жоспарлануда.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі.

Соңы. Басы 1-бетте

АУДАН ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ



Көктем шыға редакцияға қызметке орналасқан Тынышбай Рахимов та журналистік қаламын «Шұғылада» ұштады. Кейін Алматыға барып «Ұлан» газетінде, қазақ телевизиясында қызмет атқарды. «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнімен бүкіл Қазақстан халқына танылды.

Жетпісінші жылдың басында «Шұғыла» газетіне қызметке Оңғарбай Шайымқұлов келді. Ол өзі редакцияда қызмет еткен екі-үш жылдың ішінде тілші, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

1968 жылы аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті Жамбыл қаласындағы Сүлейменов көшесіндегі қазіргі облыстық жол полициясы орналасқан үйге көшіп қонды. Келесі жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы мен «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы аудандық партия комитетінің үйі жанындағы қос қабатты ғимаратқа көшіп келді. Осы тұста редакция білікті журналистермен толтыға бастады. Облыстық «Еңбек Туы» газетінен қызметін ауыстырып Өзбек Кесікбаев, Құттымбет Райымбеков, Ұлы Отан соғысының ардагері Смет Ағысов келді.

1972-1973 жылдары редакцияға фототілші Иван Павчуктің орнына Амантай Айзахметов қабылданды. Редактордың орынбасары Владимир Джекпо дүниеден қайтып, орнына Валентин Кузнецов келді.

1974 жылдың аяғында газет редакторы Сағат Арынов облыстық радио комитетіне қызметке ауысып, Алматыдағы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы Жандар Кәрібаев оқуын бітіріп келгенше, 3-4 айға уақытша редактордың орнына сол кездегі аудандық партия комитетінің қызметкері Тілеу Абылаев отырды.

1975 жылдың мамыр айында Жандар Кәрібаев редактордың орынтағына келіп отырды. Аудан мекемелері Асаға көшіп жатқан бұл кезеңде ол «шұғылалықтардың» әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатты көңіл бөлді. ҚазМУ-ді бітіріп, «Шұғылаға» келіп қызметке орналасқан Рахметәлі Асылбеков пен Шаймерден Дәуреновке Аса ауылынан пәтер алып берді. Жандар Кәрібаев 1976 жылдың көктемінде аудандық партия комитетіне қызметке ауысып, орнына Алматы жоғары партия мектебін бітірген Тоқсанбай Жабайылдаев редактор болып тағайындалды. Қазан айында редакция Асаға біржола көшіп, қазіргі отырған орнына жайғасты. Құттымбет Райымбеков, Дәмелі Смакова және тағы басқа біраз қызметкерлер қалада қалып қойған еді. Олардың орнын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мамандары Светлана Манько мен Владимир Стасюк басты. Көп ұзамай редакциядан Өзбек Кесікбаев та Алматыға кетіп, «Мектеп» баспасына ауысты. Редакцияға Махамбет Дүйсебаев, Вячеслав Лебедев сияқты жас журналистер, сонымен бірге республикаға танымал ақын Совет Әлімқұлов қызметке келді.

Редактордың орынбасары болып Шаймерден Дәуренов, жауапты хатшысы болып мен тағайындалдым. 1977 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген Масат Беріков редакцияға қызметке келді. Қаламын «Шұғыладан» ұштаған Масат алдымен аудандық атқару комитетінің, кейіннен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімдерін басқарды. Облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде қызмет атқарды, облыс әкімінің ішкі саясат департаментінің директоры болды.

Бүгінде ол – «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Тоқсанбай Жабайылдаев редакцияны екі жыл басқарып, басқа жұмысқа ауысып кеткен соң, орнына Шаймерден Дәуренов редактор болып тағайындалды. Ол редакторлық қызметті бір жыл атқарып, Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға кетті. Шаймерден Дәуренов кейінірек аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарды. Байзақ аудандық «Село жаңалығы» газетінің редакторы болды.

1977 жылы редакцияға Сансызбай Махамбетқұлов корректор болып қызметке орналасты. Келесі жылы редакцияға Бақытжан Оспанов пен

17 жылдай басқарды. Көп жасты журналистік мамандыққа тәрбиеледі. Университетті бітіріп Бекет пен Айгүл Момынқұловтар «Шұғыла» газетіне келіп, еңбек жолдарын бастады. Бекет Момынқұлов та «Шұғыланың» мектебінен өткен білікті журналист. Ол осында жүріп қаламын ұштап, мол тәжірибе жинақтаған соң, аудандық партия комитетіне қызметке ауысты. Байзақ аудандық «Село жаңалығы» газетінің редакторы болды. Облыс әкімдігінің ішкі саясат бөлімін басқарды. Облыстық «Знамя труда» газетінің редакторы, облыстық телерадио комитетінің төрағасы қызметтерінде болды. Айгүл Момынқұлова облыстық ішкі саясат департаментінде қызмет атқарды.

республикадағы аудандық газеттердің ішінде мақтауға іліккен, көркемделіп шығу жағынан екі дүркін республикалық конкурстың жеңімпазы атанып, КСРО Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталған, облыстық конкурста жыл сайын бірінші, екінші орындарды қолдан шығармаған, СОКП Орталық Комитетінің органы «Советская культура» газеті мен одақтық журнал «Журналист» мадақталған «Шұғыла-Радуга» газеті қазақ, орыс тілінде жеке дара шықпай бірігіп, қаржының жоқтығынан бір парақ болып шыққан кезі де болды. Таралымы 7 мың данаға жеткен газеттің өтпелі кезеңде мың данаға әрең жеткені бар. Редакцияның 25 адамынан қысқара-қысқара бес-ақ адам қалған. Олар: бас редактор Базар Қиыбаев, жауапты хатшы-редактордың орынбасары мен, бөлім меңгерушісі Байтанағали Төлентаев, тәржімеші Уәсила Әбумәлікова, аға есепші Алма Әлиева.

Аудандық «Шұғыла-Радуга» газетін 17 жыл басқарған, жас журналистерге пана бола білген, қол ұшын беруге бейіл тұратын ақ жарқын адам Базар Қиыбаев денсаулығына байланысты қызметінен кеткен соң, 1997 жылдың ақпан айында Болат Жаппарұлы редактор болып тағайындалды. Ол да 10 жылдан аса еңбек етті. Осы жылдар ішінде «Шұғыла-Радуга» газеті қызметкерлерінің саны көбейді. Тек шығармашылықпен айналысатын орын үш бірлікке көбейгенін айтсақ та жеткілікті. Газетке фототілші болып өтпелі кезеңде қысқарып қалған Сейсенбек Айтбаев келді. Тілшілік қызметтерге Лариса Алдабергенова мен Дүйсенбек Орманов қабылданды. Редакция компьютерлендіріліп, газет материалдарын теріп, бетін түптеу үшін екі штат берілді – Ғалия Әлиева бетті түптейтін дизайнер (бұған дейін Жанат Садырбаева жұмыс істеген), журналистердің материалдарын теріп, газетке дайындайтын Эльмира Жаксыбаева. «Шұғыланың» іс жүргізушісі Роза Әшімова да, корректор Гүлжан Бескемпірова да газеттің уақтылы шығуына көп үлес қосуда. Қазіргі жауапты хатшы – редактордың орынбасары Байтанағали Төлентаев, тәржімеші Уәсила Әбумәлікова, аға есепші Алма Әлиева – редакцияның байырғы қызметкерлері. Байтанағали Төлентаев баспасөзге сіңірген еңбегі үшін облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бүгінде аудандық газет редакциясында 16 адам еңбек етеді. Газеттің бас редакторы – «Шұғыланың» мектебінен өткен Сансызбай Махамбетқұлов.

«Шұғыланың» көлемі шағын болғанымен, көтеретін жүгі ауыр. Өзінің әрбір оқырманның жүрегіне жол тауып, аудан өмірі болмысын шынайы жеткізіп келеді, жеткізе беретін де болады.

Сол жүкті жеңілдетуге атсалысқан авторлардың – Жорабай Молдақұлов пен Оңғарбай Шайымқұловтың есімдері үлкен құрметке лайық. Бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, қоғам өміріне арнаған бұл кісілер жұртқа шығармашылығымен де танымал. «Майдандастар» кітабын баспаға әзірлеген, «Тектұрмас түлегі» кітабының авторы Жорабай Молдақұлов пен «Айналайын ауылым» повестер мен әңгімелер, «Қызғалдақ дала» өлеңдер мен нақылдар жинағының авторы Оңғарбай Шайымқұловтың әдебиет әлемінен алатын орны ерекше.

1991 жылы 1 шілде күні «Шұғыла» газетінің алғашқы нөмірінің жарыққа шығуына 25 жыл толуы мерекеленді. Нарықтық қатынасқа өткен кезеңдегі қиындықтар «Шұғыла-Радуга» газетін айналып өтпеді. Алғашқы нөмірі шыққаннан



Берсінбек Сәрсенов келді. Бақытжан кейін ауыл шаруашылығы бөлімін басқарып, ҚазМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітіріп, редактордың орынбасарлығы қызметіне дейін көтерілді. Бүгінде Берсінбек республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің фототілшісі. Редакциямен қатынасты сол жылдары бастаған Қали Тәттібеков күні кешеге дейін газетке мәнді мақалалар мен айшықты суреттерін жариялаудан таңған жоқ.

Редакция Аса ауылына көшіп келгеннен кейін Жамбыл ауданының тарихында бірінші рет 1976 жылы баспахана ашылды. Оны баспагер Михаил Галыгин басқарды. Арада екі жыл өткенде баспахана директоры болып Вячеслав Дронов келді. Аудандық баспахананың алғашқы кадрлары Ералы Мәлімбетов Ленинградтағы полиграфиялық алты айлық курсты бітіріп келген соң, баспахананың директоры орынтағына отырды.

1979 жылдың тамызында республикаға танымал журналист, ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері Аргынбай Бекбосынов редактор болып келіп, газетті бір жыл басқарып, облыстық партия комитетіне, одан облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторы қызметіне ауысты.

Арекең жастарды редакцияға көптеп тартты. Бүгінде республикаға есімі кеңінен танымал сатирик ақын Тольмбек Әлімбеков те «Шұғылаға» сол кезде келіп, қаламын «Шұғылада» ұштаған қырандардың бірегейі.

Арекеңнің кезінде редактордың орынбасары болып қызмет істеген С.Манько «Знамя труда» газетіне қызметке ауысып, орнына редакцияда бұрыннан қызмет істеп келе жатқан ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі В.Стасюк тағайындалды.

1980 жылдың күзінде газетке редактор болып Базар Қиыбаев келді. Ол газет редакциясын

Соңы. Басы 1-бетте

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒДАРЫ

Құрылтайда қозғалған ең өзекті тақырыптардың бірі – парламенттік реформа. Мемлекет басшысы атап өткендей, биылғы жыл Қазақстанның болашағына тікелей ықпал ететін маңызды кезең болмақ. Бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастама ашық форматта, қоғамның белсенді қатысуымен талқыланып келді. Азаматтардың ұсыныс білдіруіне мүмкіндік берілуі саяси реформалардың халықпен бірге жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобына білікті заңгерлердің, сарапшылардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйым өкілдерінің тартылуы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыра түсті. Қоғамда бұл бастамаға кең қолдау бар екені әлеуметтік сауалнамалар мен өңірлердегі кездесулер барысында да айқын аңғарылды.

Ел Президентінің болашақ Парламентке «Құрылтай» атауын беру туралы ұсынысы – тарихи дәстүр мен қазіргі саяси реформалардың терең сабақтастығын көрсететін салмақты шешім. Құрылтай ұғымы – елдік мүддені ортақ ақылмен шешудің нышаны. Бұл атауды саяси жүйедегі маңызды институт ретінде бекіту ұлттық бірегейлікті нығайта түседі. Депутаттар санына қатысты ұсыныстар да айтылып, басты назар сапаға аударылды. Жұмыс тобы ұсынған 145 мандат, комитеттер мен басшылық құрылымын онтайландыру – халықаралық тәжірибені ескерген байыпты қадам. Мәселе санында емес, ел мүддесін терең түсінетін, кәсіби әрі отаншыл тұлғалардың өкілді билікке келуінде.

Аудандық ардагерлер кеңесі Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай алаңында көтерген бастамаларын саяси жаңғырудың қисынды жалғасы деп бағалайды. Бұл реформалар өкілді биліктің тиімділігін арттырып, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын күшейтеді. Алдағы өзгерістер әділетті, ашық әрі жауапты Қазақстанды қалыптастыру жолындағы нақты нәтижелерге жеткізетініне кәміл сенеді.

Бақыт СЫРТЫБАЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес және 2026 жылғы 1 наурызға Тоғызтарау ауылдық округінің әкімінің сайлауы тағайындалуына байланысты «Жамбыл аудандық Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы» ЖШС (бұдан әрі – Редакция) шарттық негізде ұсынылған үгіт материалдарын орналастыру ақысының мөлшері, шарттары туралы мәліметтерді хабарлайды.

Редакция, әкім болуға тіркелген кандидаттарға үгіт материалдарын орналастыру үшін баспасөз бетінен орын береді. Үгіт материалдарын жариялау үшін шарттың талаптары бойынша қайсыбір кандидатқа артықшылық берілмеуі тиіс. Кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығу кезегі жазбаша өтініштерді қабылдау тәртібімен, егер өтінімдер бір мезгілде қабылданған болса, жеребе бойынша белгіленеді.

М а з м ұ н ы « Қ а з а қ с т а н Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келмейтін мәтіндер жарияланбайды.

Кандидаттар тарапынан шарттық негізде ұсынылатын үгіт материалдарын «Shugyla-Raduga» газетіне орналастыру ақысының мөлшері бір шаршы сантиметр үшін 200 теңгені құрайды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с назначением на 1 марта 2026 года выборов Акимом Тоғызтарауского сельского округа и в соответствии пункта 3 статьи 28 Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан» доводим до вашего сведения о размере оплаты, условия размещения агитационных материалов для кандидатов в акимы, а также размеры и площадь публикаций установленные ТОО «Редакция Жамбылской районной газеты «Шұғыла-Радуга» (далее – Редакция).

Редакция предоставляет кандидатам в Акимы печатную площадь для публикации агитационных материалов. Условия Договора для публикации агитационных материалов не должны создавать преимущества тому или иному кандидату.

Очередность публикации агитационных материалов в газете устанавливаются в порядке поступления письменных обращений либо по жребию в случае, если обращения поступили одновременно.

Тексты содержание которых не соответствуют требованиям Закона «О выборах в Республике Казахстан» опубликованы не будут.

Стоимость одного квадратного сантиметра газетной площади в газете «Shugyla-Raduga» для кандидатов в акимы сельского округа 200 тенге.

Лесбек ӘЗБЕРГЕНОВ.
2008 жылдың шілдесі.

ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНДЕ

Жаратқанның берген сыйы – ақындық

Қуаныш Ауғанбаевтың «Құс көзіндегі сағыныш» атты кітабы туралы ой

«Өмірдегі жалғыз бал тұмасы» өлеңіне арқа сүйеген ақын ұл Қуаныш Ауғанбаевты менің тани бастағаным көп болған жоқ. Облыс қаламгерлері мен аймақ басшылары бас қоса қалған бір жиында бұл есімді алғаш рет журналист-жазушы Көсемәлі Сәттібайұлы ағамыз аузына алған еді. Шығармашыл жастарға қамқорлық жасау туралы сөз болған тұста қоларбаға танылғанымен, поэзия көгіндегі өлең атты аяулы киеге құлаш ұра қол созған Қуаныш атты ерекше баланың барын айтты. Тараздық ақын әпкем Ғайни Әлімбекқызы да оны білетін болып шықты. Көп ұзамай өзін де көрдім. Көп ұзамай ол Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.



Бірте-бірте екеуіміздің ортамызда да жылы қарым-қатынас орнап, бір-бірімізден жырақта болсақ та, сымтетікпен хабар алысып, сөйлесіп тұратын болдық. Көпшілікке арналған шараларда жолығысып кездесу бір басқа да, телефон арқылы сөйлесу бір басқа ғой. Әдетте телефоннан гөрі жүзбе-жүз тілдескенді дұрыс көретін халықпыз. Бірақ, бұл жерде бәрі керісінше. Жоспармен ұйымдастырылатын кездесулерде уақыт өлшеулі, сөз шектеулі. Апыл-ғұпыл амандық-саулық сұрасып, арнайы қатысқалы жатқан іс-шарамыздың ауанына төңкеріліп кетуімізге тура келеді. Ондай жерде мейлінше қарапайымдылықпен салқынқандылық танытатын Қуаныш балам үйінде отырып, ұялы байланыстың ар жағынан маған қоңыраулатқан шақтан бастап, тіл тиегін ағытып, ағын судай ақтарылып жүре береді. Оқшау ойлы оғланмен арамызда қозғалар ортақ тақырыбымыз көп.

Әсіресе, мен оның өлең оқып бергенін жақсы көрем. Жана жазылған шығармаларымен таныстырып отыруын қалаймын. Алайда оның ол өлеңдерін бір-бір тыңдаймын да, шырын сөзге сусаған шөлімді бір басам. Жатталынып қалмаған соң, жас ақынның жасын жырлары көп ұзамай күйбең тірліктің жүз құлпырып, мың құбылған қатпарында қалып, жадыманан бірте-бірте шыға береді. Сосын, жүрдім-жүрдім де, бір күні оның өзінен бір кітабын сұрап алдым.

Міне, «Құс көзіндегі сағыныш» атты мына кітабы менің қолыма осылай түсті.

Кітабының алғашқы бетіндегі туындысында өзі айтқандай «Бәдені бөлек өлеңге» енші қып берген Жасағанға шексіз алғысын білдіре

отырып, көмейінен бүлкілдеп төгілетін әрбір маржан жырының сүмбідей сұлу болып туылуын армандайды екен Қуаныш. Арманының өзі сұлу!

«Белгі Ата терегі», «Сурет», «Жел ғұмыр», «Өлең-сезім», «Әке монологы», «Гүлдің монологы», «Қоңыр мұң», «Мамыр жылап барады жүрегімде», «Жапырақ жүрек», «Тырналардың жасы тамған жапырақ», «Ішкі фраза», «Таразбен қоштасу», «Көңілдің сөзі», «Элегия», «Жалғыз жапырақ», «Әке рухымен сырласу», «Алма», «Менің драмам», «Жүрек көрдім», «Гүл. Тағдыр. Туған күн», «Ай», «Қырыққа кадам», «Тастағы тамшы», «Ай», «Гүл» (баллада), «Жалғыздық сыңары», «Аты жоқ өлең», «Кармен жазылған элегия», «Құс пен жүрек», «Асыл дала» секілді өлеңдерінің әрқайсысы бір-бір атан түйенің жүгіндей салмақты ой тастайды, сүбелі сөздерімен әр алуан тақырыпты қамтиды. Ең бастысы, ақын жүрегінің үнін жеткізеді.

Қуаныш – жас жігіт. Өз жанының емшісіне айналған мейірбан өлеңді адамдардан гөрі өзіне жақын көреді.

«Суретіне түсірген фотография: «Күліңізші, ағасы», – деп тұрады» деген жолдары арқылы бұ жалғанның шын кейіпін берсе,

«Суретте күлу үшін жүрек керек, Жүрегімді өлтіріп алғам, жаным» («Сурет», 7-бет) деуі арқылы, арзан ойынға құрылғандай қазіргі күннің күлкілі жүзіне жанашырлықпен күлімсірей қарай алудың аса қымбаттап кеткенін меңзейді.

«Тау кезген қоңыр құлжанды Жоғалтып алмай қыл қамды. Мұң бассын мейлі көңілді,

Мүз баспасының мұржамды» («Жапырақ жүрек», 17-бет) деп ұтқыр ұйқаспен, өткір өжеттікке салынып, ұтымды ниет тілейді.

«Қашқанын-ай, мазам кетіп ұйқымның,

Буы ма екен, өлең, сендік сиқырдың?» деуі арқылы ақын адам атаулының дерті – мәңгілік ұйқысыздықты өзі де басынан кешіргенін оқырманына ұқтырады. Сөйтіп, аз ба, көп пе, әйтеуір бір шамалардан соң санасында өлең біткеннің шумактары өріліп, толғатып, толғанып піскенде, ақ қағаз бетіне әсем моншақтай шашылып түскенде, яғни бүтін бір жыр туылғанда, қалам ұшын тістелеп, маңдайы шып-шып тершіген ақынның өзін жарты әлемнің патшасы сезініп марқаятыны рас. Қуаныш айтып отырған сиқыр – осы. Өлеңнің сиқыры. Поэзияның магиялық сиқыры.

«Қара түнге сініп кетсем адасып», «Жапыраққа сары сәуле шашылып» («Жел ғұмыр»), «Құстың ұштым қанатын Айға сұрап» («Өлең-сезім»), «Жанарыңды жаныма шырақ еттім» («Жазылғанмен сен жайлы»), «Жастығына жазмышын жаздырған» («Қоңыр мұң»), «Күн шыққанда керіліп тау қырына» («Мамыр жылап барады жүрегімде»), «Дүрдіраз боп дүмшеленіп барады, Дүниеге кепкен жандар ындыны», «Қанатында – қалықтаған арманым, Арызым бар қаламымның ұшында», «Жапырақтан қалқып алып жасыңды, Мөлдіретіп қойдым өлең нүктесін» («Тырналардың жасы тамған жапырақ»), «Көкірегімнен сәуле ғұмыр кешкенше» («Әке рухымен сырласу»), «Көздерімнің көл шайқалып ішінде, Айдынымнан ұшып өтті құс кілен» («Айғыз-айғыз өрнектеген мұнымды»), «Жүрегіме ғарыштан жетіп ағыс, Пенделікті жүремің етіп алыс» («Қырыққа кадам») деп келетін ұтымды ой,

тапқыр теңеу, сәтті тармақтары Қуаныш шығармаларының бәсін биіктетіп тұр.

Мамыражай мамыр айында ажал құшқан әке рухы тоғыз жасында жетім атанған жалғыз ұлдың таусылмас тақырыбы, сарқылмас сағынышы, үздіксіз жырлар кейіпкері.

«Өзім туған мамыражай мамырды Сені алған ажал үшін жек көрдім» деп марқұм әкемен ойының түкпірінде оңаша сырласатын бала ақынның бұл тақырыптағы топтамалары о дүниеде «ұлымен қауышқан» атасына жолдар дұғай сәлемімен түйінделіп отырады.

Ақын Құләш Ахметова әпкеміз ертеректегі бір өлеңінде:

«Өкісті көмейіме көп тығылған-Жасырам.

Еркелік те кетті ұғымнан. Сан рет сағым сынды, апа, менің Өмірде сенің ғана жоқтығыңнан. Бәрін сенсіз басымнан өткеремін, Неткен сұмдық!

Көз жасын төкті өлеңім. Ақ шанамен ақ карда кеткен едің, Содан бері ақпанды жек көремін» деп жырлаған еді аяулы анасына деген сағынышы кеудесін кернегенде.

Қуаныштың да көкірегіндегі жетімдіктің жабырқау мұңы көктем жұпарын шашар мезгіл канша керемет болса да, өзінің өмірге келген күні аталып өтілетін ерекше ай болса да, мамырға деген өкпесін еш өшіре алмайтынына қинала күрсінеді.

«Өмір – сынақ, мына балаң соны ұқты, Тағдырыма талай жайсаң жолықты. Ә, әкетай, атам қалай, жақсы ма? Түсіме де кірмейтұғын болыпты» деп толқиды жас жаны.

Өлең деп аталатын шағын көлемдегі поэзиялық шығармада бүкіл адамзаттық ой мен табиғи өмірді тылсымнан тартып, оқырман

көз алдына көлбеңдетіп әкеліп қана қоймай, көркемдегіп ұсына білу екінің бірінің қолынан келе бермейтін шеберлік. Осы шеберліктің сан түрін меңгерген ақын Қуанышта ырғағы мен ұйқасы бір қалыпқа түскен, «шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі» көптеп табылады. Көңіл күй және азаматтық лирикаға бейім ақын жүрегі нәзік сырлы сезімдерін алуан бояулы өрімдермен жеткізуге тырысады. Құрылысында өлшемге шақ шымыр шумақтар кездесетін шығармаларының дені параллелизммен беріледі:

«Көңілімде күрең күз ойнақ салса,
Көздерімде көктемім

маужырайды»;
«Пенде болып ақиқаттан аттап ем,
Ақын болып ар алдында ұсталдым»;
«Орда бұзып өпедім отызымда,
Ала алам ба қыркымда

қамалымды?».

Абай хакім айтқандай, өлеңге

әркімнің де таласы бар.

Бірде, бір ақын қасындағы екінші ақынды «Пәлен» деп аталатын, пәленбай шумактан тұратын поэма жазған» деп мақтап таныстырды. Жазғанын көлемімен, көлдей көп бетті алатын сала-құлаш ұзындығымен өлшейтін, жоқ-барды термелеп, ұзын-сонар қылып шұбалта берсе, мықтылығым деп санайтын жазармандар көбейген тұста қысқа да нұсқа бірауызбен тұщымды ой, сүбелі сөзін жеткізе алатындарға өлең өлкесінде өзін мойындату қиын болмақ.

Қуаныштың кітабына құшырлана ден қойғанда, оның бай поэзиясымен асыға танысу құштарлығы басым тұрды. Сын айтып, кемшілігін теруді мақсат тұтпадым. Айтарлықтай өрескелдікті көрмедім де. Өйтсе де, эпиграфтардың шығарма атауынан кейін берілетінін, сондай-ақ оның сәл он жақ бұрышқа таман әрі кішірек шрифті әріптермен жазылатын шарты барын бұдан былай есте ұстау ләзім, бәлкім бұл кітап редакторының тарапынан да ескерілуі керек шығар.

Жаратқанның берген сыйы – ақындық. Ақындыққа даритын кара өлең қалың ішкітей жылы, салқын саумалдай дәрумен болса, қанеки. Алайда әр кезде олай ыңғайлы бола бермес. Өлең күдіреті бойына қонған адамның өмірі оп-онай сүріле де салмас.

Өйткені кара өлең қасиетті. Сол қасиеттің қадірін арттыру әдебиетті

ардын ісі деп білетін адал ақын мен жазушыға, яғни қаламгерге ғана бұйырған бақ. Осы бақ біздің Қуаныш бауырымызда бар.

Екі аяғын тең басқан, қос қанаты ұшқан сайын қатайып келе жатқан,

құлашын кен жазып, аспандай асқақ өлең-арманының ақ айдынында еркін жүзген ерен ақынға үмітті болашақ тілейміз.

Үміт БИТЕНОВА,
ақын.

ЭКОЛОГИЯ

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Жуырда ауданда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Бұл жолы тазалық жұмыстары Аса, Қаракемер, Өрнек ауылдарын жалғайтын облыстық маңызы бар күре жолдың бойында жүргізілді. Аталған бағыт ауданның негізгі көлік артерияларының бірі болғандықтан, оның санитарлық жағдайын жақсарту, қоқыстан арылту және жол жиегін ретке келтіру жұмыстары ерекше назарға алынды.

Аружан КҮНТУБАЙ



Бастамаға аудан жастары, «Аманат» партиясының өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, спорт саласының мамандары, сондай-ақ «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері белсене қатысты. Күн райының салқындығына қарамастан, қатысушылар бірлесе еңбек етіп,

қоршаған ортаны ластану жөнінде тұрғындарға үндеу тастады.

Тазалық барысында 20 шақырымға жуық жол бойы тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, арық-атыздар аршылды, қураған ағаштар мен басқа да қалдықтар жиналды. Жалпы есеппен 70-ке жуық қатысушы еңбек етіп, ауданның келбетін жақсартуға өз үлестерін қосты.

«Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әдібеков



акцияның маңыздылығына тоқталып, мұндай бастамалардың қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлкен септігін тигізетінін айтты.

– Бұл шара Аса, Ақкөл және Өрнек ауылдары бағытындағы жол бойында қарқынды жүргізілуде. Алдағы уақытта да «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын тұрақты түрде өткізіп, аудан аумағындағы санитарлық жағдайды жақсарту жұмыстарын жалғастырамыз, – деді ол.

Айта кетерлігі, ауданда экологияны қорғау, елді мекендердің санитарлық тазалығын сақтау бағытындағы шаралар жүйелі түрде орындалып келеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл игі іс алдағы уақытта да жалғасып, ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға тұрақты үлес қоса бермек.

ШҰҒЫЛА-РАДУГА Аудандық қоғамдық-саяси газеті МЕНШІК ИЕСІ: «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС Бас редактор: Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701	Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Максат ЖҰМАБАЕВ Аружан КҮНТУБАЙ Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ Құрбанәлі Шахабай Жұматай Көксубайұлы Ғалия АЛИЕВА Дизайнер-теруші: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: 2-20-24 2-13-44 Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №KZ87YU00041240	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б. Таралымы 3100 Тапсырыс №66 Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ	Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выход 2 раза в неделю, в среду и в пятницу. Индекс: 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.
---	--	--	---